

G.O.Syzdykova

Combinative and valence relations of nouns

In clause combinative and valent attitudes of nouns are considered. Author taking into account new achievements of modern language study proposes to investigate syntactic structures describing and revealing scientific idea, scientific thinking and actually language.

ӘОЖ 82.0

Р.Оймаутов

*ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты***Дін аясындағы шешендік сөздер**

Мақалада діни шешендіктің табиғатына қатысты мәселелер қарастырылған. Автор шешендік өнердің негізгі теориялық ережелерін зерделей отырып, оның қазақ халқының сөз өнері тарихындағы орнын, қазақ сөз шешендігінің қалыптасуы мен дамуына әсерін анықтай келе, бүгінгі таңдағы шешендіктің жекелеген аспектілері жайында сөз қозғады.

Кілтті сөздер: шешендік өнер, діни шешендік, риторика ғылымы, сөзшешендік, нақыл сөздер, өмір тәжірибесі, мақал-мәтелдер, шарият заңы, дін мәселелері, сүре.

Қазақтың шешендік өнерінің бір арнасы діни шешендіктен желі тартады. Ал діни шешендіктің түп бастауы сонау Араб құрлығына барып тіреледі. Өйткені ежелгі Араб елі шешендігінің негізгі арқауын діни шешендік құрайды. Халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігінің біте қайнасқан айнасы іспетті, наным-сенім негізінде пайда болған арабтың діни шешендігінің өзегінде ақ жүрек адалдық пен бәрін де қанағат тұтар қарапайымдылық сияқты халықтық абзал қасиеттерге толы келетін ықпалы күшті, әсері мол көркем тілмен әспеттелетін діни уағыздамалар жатыр. Діни шешендікті риторика ғылымында діни шіркеулік шешендік тұрғысынан «гомилетика» деп атайды.

Гомилетика — діни шіркеулік шешендіктің туып, қалыптасып, даму тарихын, жүйелік құрылысы мен мазмұндық сипатын, көркемдік әдіс-тәсілдерін зерттейтін шешендік өнердің өрнекті тармағы.

Ислам дінін дүниеге әкелген арабтар көшпелі қазақтар сияқты әуел баста-ақ шешендік өнерді өте қастерлеген. Өйткені исламға дейінгі көшпелі өмір салтын ұстанған араб-«бәдәуилердің бірнеше тайпалары жанжалдасып соғысып қалғанда немесе жер дауы, жесір дауы мәселесін шешкенде, бітімге келіп, берешек, алашақтарын бөліскенде екі жақ та өз шешендеріне жүгінген. Бұл жағынан бәдәуилер қазақ табиғатына тым жақын» [1].

Зерттеуші-арабтанушы, қазіргі бас мүфтиіміз Ә.Дербісәлі ежелгі араб әдебиетінің тарихын жазған атақты әдебиетші-ғалым Ханна әл-Фахуриден мынадай дерек келтіреді: «Шешендер өз шеберлігін жәрмеңке, той, ас кездерінде көрсеткен. Шешендер сөздерін баптап, белгілі бір сазбен айтады. Жұрт жиналған соң биіктеу жерге шыққан шешен найзасын немесе асатаяғын қолына алып, сөйлеуге кіріседі. Сөзін түрлі қимылмен сүйемелдеп отырады. Шешеннің даусы қомақты, қимылдары мығым, дәлелді болуы тиіс. Даусы дірілдеп, қобалжып сөйлейтін шешендерді бәдәуилер бағаламаған. Шешендер өз сөздерінде халық арасына кең тараған мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, ақ өлеңдерді жиі қолданған. Өйткені оның сөзі тыңдаушыны ұйытып, терең сезімге, үлкен әсерге бөленуі тиіс» [2].

Әзірет Әлі — Әли ибн Әбу Талиб жас кезінен-ақ сөзшеңдігімен ғана емес, көзсіз ерлігімен де аты шыққан. Жастық шағын Мұхаммедтің қасында өткізген ол пайғамбармен бірге талай жорықтарға қатысқан. Майдан даласындағы жаужүректігі үшін «Сайфу-л-Ислам» («Исламның қылышы») деген атақ та алған.

Ә.Дербісәлі мынадай мағлұмат береді: «Әлидің нақыл сөздері әдетте қысқа, мағынасы терең болып келеді. Ол жинақталған өмір тәжірибесі мен ұзақ ой жемісі секілді. Түрі жағынан әсем,

нақышты, образды болғандықтан да, Әли шығармалары оп-оңай есте қалады. Мысалы, «Шегінген кезінде ажал артында тұрады, онымен кездеспей қоймайсың», «Байлыққа жақындаған сайын мақсаттан алыстай түсесің», «Шыдамның екі түрі болады, жек көргендіктен ғана шыдау және сүйгендіктен шыдау», «Үлкен байлық — ақыл, ең үлкен кедейлік — надандық, ең үлкен ақылшы — дер кезінде берілген кеңес, ең үлкен мирас — әдептілік»[1].

Әлидің арнаулары мен шешендік сөздері де өзінің қысқалығымен, жүйелілігімен, автордың жан-жақты ой иесі екендігімен, білім беретіндігімен ерекшеленеді.

Әзірет Әлінің ілімнің қақпасы атанып кеткенін сынау мақсатында жерлестері оған он адамды кезекпен жібермекші болған, олардың бәрі Әзірет Әліге бір сұрақ: «Білім артық па, байлық артық па?» — деп сұрайтын болып келіскен. Егер осы сұраққа он түрлі жауап берсе ғана, халифаны мойындамақ болыпты. Сонда Әзірет Әлі сұрақтарға былай деген екен:

1. Білім артық, өйткені ол пайғамбарлардан қалған мирас, байлық бақылдардан қалған мұра.
2. Білім сені бағады, байлықты сен бағасың, сондықтан да білім артық.
3. Білім артық, ол досынды көбейтеді, байлық дұшпанынды көбейтеді.
4. Білім іздей берсең көбейеді, оны жұмсағанмен азаймайды, байлық жұмсаған азаяды, білім артық болатыны осыдан.
5. Білім артық, оны ұрыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған дүниенді ұрылардан күнде қорғау керек.
6. Білімнің көп болса сені құрметтейді, байлығың көп болса қызғанады, білімнің артық болатыны сол.
7. Білім артық, білімнің көп болғанмен есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек.
8. Білім қанша көп болса да іріп-шіріп бүлінбейді, дүние-мал бүлінеді, сондықтан да білім артық.
9. Білім артық, ол жаныңды байытады, байлық жан-дүниенді шектейді, өзіңді тура жолдан тайдыруы мүмкін.
10. Білімді адам орнымен сөйлейді, мәдениеті артады, байлығы мол адам оған мақтанып малданады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық [3].

Білімнің артықшылығын бұдан артық дәлелдеуге болмас. Діни хадисте: білім өмірде — таяныш, жолда — дос, жалғыздықта — жолдас, қуанышта — бастаушы, қайғыда — медет, күресте — құрал, зұлымдыққа қарсы — айла деп бекерге айтылмаған.

XI ғасырдың басында араб әдебиетшісі Аш-Шариф ар-Радж дейтін кісі Әли айтып еді делінген үндеулер мен бұйрықтар, хаттар мен арнаулар, шешендік сөздерді жинап «Наһджу-л-балага» («Шешендік өнер жолы») деген атпен жариялаған.

Қазақ ғалымы Ә. Дербісәлі өзінің зерттеу еңбегінде төртінші халифа саналатын Әли ибн Әбу Талибтің асқан шешендік өнердің иесі болғандығын ерекше атап өтеді.

Шешен жұрт алдына шықпас бұрын сөйлеуге күн ілгері әзірлік жасап, қарсы жақ қояр сауалдарға да іштей дайындалып алатын. Шешендердің сөздері әдетте қысқа, түрлі теңеу мен Құраннан дейктемелерге, нақылдар мен мақал-мәтелдерге, жұрт жақсы көретін ақын өлеңдерінен үзінділерге толы болып келеді.

Енді көнеден жеткен аңыз былай дейді: «Адамның ақыл-парасат, шарифат, хадистерден мың сұрақ қойып, кім шешсе соған тұрмысқа шықпақ болған патша қыз Мәлике барлық сұрақтарға жауап берген Әбділдаға басын иген» [3]. Соның бірі: «Өзінде бар, оны беруге асықпайды, өзінде жоқты алуға өзгеге жұмсайды, ол қандай адам?» — деген сұрақ еді. Оған Әбділда: «Бұл ақырзаманның дүмше молдалары, олар халыққа насихат айтады, бірақ сол насихатқа лайық қасиеттерді өзінің бойына сақтамайды», — деп жауап берген екен.

Екіншісі:

— Шыққан тесігіне қайтып сыймайтын не?

— Бұл жаман сөз, ауыздан шықты, қайтып кіргізе алмайсың.

— Екінші әфсанада:

— Таксыр, мен өмірімде көп күнә жасадым. Күнәларымнан арылтып, Алланың кешірімін әперші, — депті бір кісі имамға.

— Сенің жаның бес арықтан лай су ағып құйылып жатқан тоғанға ұқсайды екен. Біріншісі — сенің көздерің, мұсылман әйелдерге көзіңді сүзбе. Екіншісі — сенің аузың, ораза ұстап, дұға оқып жүр, жақсы сөз айт. Шариат қаламағанды ішіп-жеме. Үшіншісі — сенің миің, әділетсіздік пен зұлымдықтан, менмендік пен өркөкіректіктен арыл. Төртіншісі — сенің аяқтарың.

Көргенсіз жолға баспа. Бесіншісі — сенің құлағың. Өсек пен кеселді сөзді терме, естімеген бол. Тек сонда ғана сенің арықтарыңның суы тұнықталады, сенің жаның мен жүрегің тазарады, сені күнәларыңнан мен арылта алмаймын, өзін арылтасың, — депті. Міне, осындай, діни аңыз арқау етіліп, адамды рухани тазару жолына мегзейтін иландыру шеберлігі қарапайым мысалдар келтіру арқылы баянын табады.

Ірілі-уақты қылмыс жасаған адам мұсылмандардың қасиетті кітабы — Құраннан бастау алатын шариат заңы бойынша жауапқа тартылды. Ел ішіндегі қылмысты істерді шариат, дін мәселелері тұрғысынан шешім шығару құқығын қазылар атқарған. Соңғылары өз шешімінің негізіне қасиетті «Құран» кітабын және Мұхаммед пайғамбардың хадистерін басшылыққа алған. Мәселен, «Құран Кәрімнің» «Ниса» сүресінде мұрагерлік, қылмыс туралы, «Маыида» сүресінде ұрлық, өтірік, «Талак» сүресінде ерлі-зайыптылық, неке ережелері (заңдары) туралы анық айтылған. Мұндай құқықтық, шариғат заңдары басқа сүрелерде де кең орын алған [4].

«Шариат заңы бойынша («шариат» араб сөзі, мағынасы — *заң, кодекс*, мұсылмандардың «Құранға» негізделген заңы) құқық бұзушылық 3 топқа бөлінеді. Бірінші топ — Алла құқығына қол сұғушылық, ол нақты хадд (шек) түрімен жазаланады. Екінші топ — жеке адамдардың құқығына қол сұғушылар — қысастық жасаушылар. Олар қауад, не дийа, түрімен жазаланады. Үшінші топқа жататындар — қалған қатаң жаза қолданылмайтын іс-әрекеттер, ол тәзірмен жазаланады», — дейді өзінің зерттеу еңбегінде белгілі арабтанушы-ғалым Нұралы Өсеров. Ғалым хадд тобына 7 түрлі аса қауіпті (қоғамды ыдырататын) қылмыстарды жатқызады. Олар: жезөкшелік, арақ-шарап ішушілік, ұрлық, тонаушылық, дәлелденбеген (жалған) өтірік, жалақорлық, діннен безу және өкіметке қарсы көтеріліс жасау. Екінші топқа қысастық қылмыстар жатады. Жәбірленуші жағы істелінген қылмысқа (жанға-жан, қанға-қан, көзге-көз секілді) орай жаза қолдана алған. Өлім жазасы көбіне таспен ұрып өлтіру, дарға асу, басын шабу, тағы басқа жолдармен орындалған. Ал үшінші топта отбасыға қатысты істер қаралған [4].

Өткен дәуірлердегі қазақ даласындағы қазылық институттың өмір сүріп, қалыптасуына осы ортағасырлық араб елінің діни шешендігінің айтарлықтай ықпалы болды.

Діни шешендік жайында тиіп-қашты пікірлер айтылғанмен, қазақ ғалымдары оны күні бүгінге дейін арнайы қолға алып, тиянақты зерттеген емес. Бұлай назардан тыс қалып зерттеу нысанына айналмау себебінің бір ұшы кешегі кеңестік қоғамда белең алған атеистік түсінікте, саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сезіктенгіш те сескенгіш, дінді сөз етуге қорыққан, одан тек ислам идеологиясының кері әсерін ғана көрмек болған ерсі мінезінде жатыр; екіншіден, қазіргі таңда осы саладағы мамандардың бір қолдың саусағымен санарлық аздығынан болып отыр.

Ғ. Әбсаттаровтың «Қазақстандағы мұсылмандық-құқық мәдениетінің атты ғылыми еңбегінде: «Ислам біздің республика үшін жат емес, керісінше, миллиондаған Қазақстан мұсылмандарының өмір салтының негізгі бастауы, оның тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде анықталады»[5], — деуі бекерден бекер емес.

Ендеше, қазақтың діни шешендігінің де пайда болып, дамуын ортағасырлардағы ислам дінінің таралуымен етене байланыста алуымыздың астарында заңды құбылыс жатыр.

Өркениетті елдерде мемлекетті діннен ада қылмайды. Қандай жүйемен өмір сүрсе де, онда бәрінің шығар қайнар көзі дінге тіреледі. Дін қасиетті құндылық ретінде ұғынылады. Ұлы Абай: «Ынталы жүрек, шын көңіл, Өңгесі хаһқа қол емес», — дейді. Жан баласының көкірегіне құнарлы, ажарлы нәрін құятын діни шешендіктің бастау бұлағы — дін. Дін адам бойындағы жағымсыз дерттерден тазартуға мүмкіндік береді. Өтірік айтпауға, кісіні сыртынан жамандамауға, нақақ ғайбаттамауға, ұрлық-қарлық істемеуге үндеп, кісінің көкірегіне жарық сәуле түсіріп, жанның таза болуына шақырады. Адамгершіліктің қадау қазығы. Ой құсасы жүрегің тескен адамдардың көңіліне демеу болады. Осының бәрі көкірегіңе ұялар әдемі, негізді сөзбен жүзеге асырылады. Жасыратыны жоқ, діни шешендіктің кей түрі көбіне-көп халық мол жиналған мешітте өтер жұманамаздарында, отырыс-мәжілістерде, қазадан аза тұтып жатқан үйдегі адамдар жиналған жерде айтылып жүр. Мәселен, мұсылмандық бір афсанада былай делінеді: Ата-ана үшін қадір-құрметтің қай-қайсысы да жеткіліксіз. Ата-анасы өсіріп-жеткізгеннің қарызынан перзент ешқашан құтыла алмақ емес. Дүниеден өткен ата-анаға жақсылық істеу туралы Сахих хадистерінің бірінде: «Біз Нәбидің (с.ғ.с.) жанында тұрғанымызда бір кісі: «Я, Рассуллах (с.ғ.с.), ата-анам қайтыс болғаннан кейін оларға жақсылық істеудің жолы бар ма?» — деп сұрапты. Ол (с.ғ.с.): «Иә, бар. Қайтыс болған ата-анаға төрт жолмен жақсылық істесең болады: олар үшін дұға етіп күнәлары үшін жарылқау тілеу, орындай алмай кеткен уәделерін орындау, достарын құрметтеу, ата-ананды себепші етіп, олардың

туыстарымен қатынасты үзбеу», — деді». Осы ой ендігі бір хадисте былайша жалғасын табады: «Жан тапсырысымен пенденің барлық амалы тоқтап, тек үш амал өз жалғасын табады. Ол — жария садақа, үйреткен пайдалы білім, артта қалған ізгі ұрпақтың дұғасы». Шұрайлы тілмен айтылған ой жүрекке ендеп енетіні кәміл.

Жалпы қазақтың діни шешендік өнерінің әуелгі сілемдері ортағасырлардың орта тұсында араб-парсы жазба мәдениетінің шарықтап дамыған тұсында көрінетінін айтқан абзал. Ислам діні кеңінен тарап, шариат заңының етек алған кезінде жазылған, шешендіктің небір озық үлгілерін бойына мықтап сақтап жатқан тағылымы мол еңбек — «Қабуснама» [6]. Төл рухани тарихымызға, қазіргі шешендік өнеріне де тікелей қатысы бар бұл жазба ескерткішке арнайы тоқталсақ дейміз.

«Қабуснама» — XI ғасырдың 1021–1098 жылдары өмір сүрген Унсур әл-Маали Әмір Қайқабустың (кейде Қайқауыс деп те аталады) 1082–1083 жылдары өзінің ұлы Гилан шахқа арнап жазған өсиет сөздері, дидактикалық рисалла трактаты. Сөз басында үгіт сөзінің жазылу мақсатын ол былайша түсіндіреді: «Ей, перзентім, сен осы үгітімді ұғып іске асырсаң, мен аталық парызымды өтегенім. Білгенің жөн, ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, тірлікте адамзат елден ел, жерден жер кезіп жүріп, азды-көпті, жиған-терген асыл заттарын артына қалдырады да, оны өзі жақсы көрген адамына тапсырып кетеді. Менің дүниедегі жиған асыл заттарым — осы сөздерім. Сондықтан бар асылымды өзіңе тапсырдым, сен оны дұрыс пайдаланып, қисық жолға қадам баспағайсың». Автор үгіт-насихат сөздерінің баянын қырық төрт тарауға топтастыра бөліп қарастырған.

«Қабуснама» 1430 жылы — түрік тіліне, 1786-1787 жылдары — ұйғыр тіліне, 1881 жылы — неміс және татар, 1886 жылы француз, орыс тілдеріне тәржімеленеді. Қазақ тіліне аударған Тұрсынәлі Айнабеков.

Әсілі, қадым замандардан бері Шығыста өз дәуірінің зиялы азаматы өмірден көрген-білгенін, ұққан-түйгенін, ақыл-кеңесін, ғибратты ойларын, өмір сүрудің моральдық-этикалық жолдарын қарасөз түрінде «нама», немесе «наме» (қазақша: «кітап, өсиет, хат» деген ұғымды білдіреді), жанрында жазып, келешек ұрпаққа мирас еткен. Мұндай жанрдың ұрпақтар үшін атқарған қызметі, қоғамдық мәні аса зор болды. «Панднаме», «Сиясетнаме», «Шайбанинама», «Бабырнама» сынды тарихи-көркем шығармалардың дүниеге келу себебін еске түсірсек те жеткілікті. Біздіңше, ұлы Абайдың «Қара сөздерінің» жазылу сырын осы тұрғыда түсінген дұрыс сияқты. Ол шығыстық «нама» жанрының қазақ топырағындағы қайта жаңғырған бір көрінісі. Оны «Абайнама» десе де боларлық. Өкінішке орай, «Ғақлиялар» әлі күнге жазылу жанры жағынан анықталып, бір ізге түсе қойған жоқ. Оның бірде дидактикалық, философиялық трактат, кейде «Қара сөз», «Ғақлия» аталып жүргені соны аңғартса керек. Қайқабустың өмірден түйген ащы шындықтарды ақыл таразысына салып тебірене толғаған ой түйіндері ұлы классігіміз Абайдың бүкіл шығармашылығымен рухани үндес жатыр. Олардың ойларының өзектестігі бұл жазба жәдігерліктің Абай назарынан тыс қалмағандығынан белгі береді. Абай «Қара сөздерінің» «Бірінші сөзінде»: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [7], — дейді. Екі ғұламаның алдымен азаматтық позицияларын айқындап алуы, бір пікірлерге келуі, бүкіл шығармалары фонының ұқсастығы бізді қызықты батыл байлам жасауға жетелейді. «Қабуснама» мен «Қара сөздердің» көптеген өзара үндес сарындары Абайды рухани дамытқан арна көздердің бірі — ортағасырлық ортаазиялық жазба әдебиеті болғанын растай түседі. Абайдың «Біріңіз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін еңбегінде «Бабырнамаға» сілтеме жасауы және М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында «Абай... кейде Бабыр, Науаи, Аллаяр сияқтыларды оқып-оқып кеп, өзі де соларша бірдеңе жазып кетеді» [8] деген бір сөйлемі жоғарыдағы айтылған пікірімізге негіз береді. Ендеше «Қабуснама» қазақтың әдебиет-мәдениетіне тікелей қатысы бар туынды. Бұл өз алдына бөлек әңгімені керек етер ауаны басқа мәселе.

Екіншіден, «Қабуснама» шешендік өнердің небір озық үлгілерін бойына мықтап сақтап жатқан тағылымы мол еңбек. Онда «Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы», «Кәсіптік білім үйрену, ұстаздық және қазы болу туралы» деп аталатын арнайы тараулардың бары осының дәлелі. Бүгінгі азаматтарға берері мол дүние. «Ей, перзентім, есіңде болсын, — деп бастайды бір сөзінде Қайқабус, — өнерсіз жан — өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көлеңкесі жоқ тікенді шоңайнаға ұқсайды. Өзіне де, өзгеге де пайдасыз болады» [6]. «Өнер алды — қызыл тіл» деп білетін қазақтарша «барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн» деп ақыл айтады ол. Жалпы шешендік шеберлікке баулитын тұстар шығармада аз емес. Сол

тұстарынан үзінді келтіре кетейік: «Сөзді орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Орынсыз айтылған сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы.

Үгіт-насихатыңды тыңдайтын қарыздар болған жағдайда ғана сөйле. Ықылассыз тыңдаушыға сөз айтқаннан, тыныш отырған мақұл. Жиылған топ ішінде үгіт-насихатыңды тек бір кісіге қарап айтпаған. Өйткені топ ішінде бір кісіге қарап айтылған насихат насихат емес, керісінше, айыптау болып шығады» дейтін сөздері шешендік шеберлікті жолдарына жол сілтегендей болады. «Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы» арнайы тарауы түгел осы шеберлікті меңгеру амал-тәсілдеріне арналған: «Кісі сөз өнерін білетін, шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлем, сөйлесең, шындықты сөйлеп туралықты айтумен атағың шықсын. Кейбір өте қажетті жағдайда айтқан жалған сөзіңе жұрттың сенуі мүмкін, бірақ сен оны әдетке айналдырмай, әрдайым айтқан сөзің шындық болу керек. Жұрттың сенуі қиын жалғанға ұқсаған шындықты айтпағаның жөн. Жалғанға ұқсаған шындықтан, шындыққа ұқсаған жалған жақсы. Өйткені ондай жалған сөзге жұрт сенеді, ал жалған сияқты шындыққа ешкім де сенбейді. Демек, жұрт сенбейтін шындықты айтудан сақ бол.

Қайқабус нақты әңгімелер арқылы шешендік қырларын баяндайды: «Харун Рашид бір күні түс көріп, түсінде аузындағы тістері түгелдей түсіп қалады. Ерте тұрып, түс жорушыны шақырып, түсінің мазмұнын айтады. Түс жорушы: «Ей, әміршім, сенің жақын ағайын-туысқандарыңның бәрі өліп, сенен басқа ешкім де қалмайды екен», — депті. Харун Рашид «Менің бетіме баттытып қайғы толы қаралы сөз айтуыңа жол болсын. Егер менің барлық ағайын-туғаным қырылып қалса, мен қайтіп күнімді өткізбекпін», — деп түс жорушының жонына жүз дүре соғуға бұйырады. Түс жорушының басқа біреуін шақыртып алып, көрген түсінің мазмұнын айтып, түсімді жорып бер дейді. Түс жорушы: «Ей, әміршім, барлық ағайын-туысқандарыңнан сенің өмір жасың ұзақ болады екен», — дейді. Харун Рашид: «Жалпы ақылдың жолы біреу-ақ, екеуінің де жоруы бір жерден шықты. Бірақ алғашқы жорумен соңғы жорудың нарқы аспан мен жердей», — Халифа кейінгі түс жорушыға жүз тілла беруді бұйырады. Ей, перзентім, сөздің оңы мен терісіне, өңі мен астарына айрықша мән беріп, мағыналы етіп сөйлеу үшін әрекет істе. Сөз сөйлеудің кереметтей қасиетіне, міне, осылар жатады.

Бертінге келсек, ғұмыр талайын талас-тартыстарда өткізген сол тілмар Абайдың өзі дүмше молда, схолас фанатиктермен сөйлескенде өзінше тіл өрнектерін, діни шешендіктің тәсілін іздеген. Осы жайында М. Әуезов: «Олармен Абай өте көп дауласады. Кейде дін өсиетшілеріне олардың түнлігін ұшыра, дауылдай соқтығады. Сонда ол сан жерде мұсылманшылық кітаптары мен ұстаздары қолданған сөзді де, сөйлемдерді де мейлінше молынан қолданады. Кейде оларды өз тілімен мұқатпақшы болып, солардың өзі жазып жүрген тіл сөйлем, нақыс-машықтарын қолданады» [8] — деп, Абайдың дүмше, схоластарша сөз саптап, әрі олардың сөздігімен сөйлегенін айтып, соның дәлелі ретінде әйгілі жазушы ұлы ақынның «Қара сөздерінен» мынадай үзінділер келтіреді: «Моллалар тұра тұрсын, хусусән бұл заманның ишандарынан бек сақ болындар, олар фитнәи ғалам. Өздері хукім шарифатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһлитариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал. Бұлар адам жазғырушылар, хатта дінге де залалды. Бұлардың сүйенгені — надандар, сөйлегені — жалған, дәлелдері — тасбығы мен сәлделері. Онан басқа ешнәрсе жоқ» [8]. Бұл үзіндіден тілдің хас майталманы Абайдың шешендік шеберлігінің бір қыры айқын қылаң беріп қалады. Қарсы даушарлардың тілімен сөйлеп, шешендік шеберлік танытып, солардың сөз шоқпарларымен өздерін соғады. Бұл сияқты мысалдар Абайда көптеп табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Дербісәлиев Ә.* Араб әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1982.
- 2 *Хана аль-Фахури.* История арабской литературы: В 3 т. — Т.1. — М.: Наука, 1959. — 15 с.
- 3 *Мың сұрақ.* — Алматы, 2002.
- 4 *Шариат / Құрастырушы Н. Өсеров.* — Алматы: Қайнар, 1996. — 52 б.
- 5 *Әбсамтаров Ф.* Қазақстандағы мұсылмандық-күқық мәдениеті // Заң. — 2001. — № 3. — 51 б.
- 6 *Қабуснама.* — Астана: Аударма, 2002. — 179 б.
- 7 *Абай.* Екі томдық шығармалар жинағы. — 2-т. Аудармалар мен қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 1986. — 158 б.
- 8 *Әуезов М.* Шығармалар. — 1988. — 4-т. — 298 б.

Р.Оймаутов

Специфика религиозной риторики

В статье рассматриваются вопросы, касающиеся специфики религиозной риторики. Автор, изучая основные теоретические положения, определяет ее место в истории красноречия казахского народа, влияние на становление и развитие казахской судебной риторики, затрагивает отдельные аспекты риторики нашего времени.

R.Oymautov

The specifics of religious rhetoric

The questions of the religious ritorics are considered in the given article. It's place in the history of Kazakh people' eloquence. An author studing the basic theoretical positions of ritorics determines its place in the history of the kazakh people eloquence as well as its influence on the kazakh judicial ritorics development and separate aspects of nowadays ritorics aspects which are considered too.

Репозиторий КазГУ